

№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 29 қараша

Қатысқандар: Барлық педагогтер

Тақырыбы: Жан –жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру

Мақсаты: Педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің анықтамасы
3. Тақырыптық тексерістің қорытындысы
4. Баланың сурет салу қабілеттерінің деңгейі
5. Баяндама: «Танымдық ойындар – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту құралы»

Көрме: Лэпбук кітаптары: «Бейнелеу өнері мен экологиялық ойындарға арналған»

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту

Талқылау:

№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерге сәйкес оқу жоспары, іс-әрекет кестесі мен балалар тізімдері бекітіліп, жұмыс жоспарлы түрде жүргізілуде екендігін атап өтті. Педагогтер жаңа оқу жылына жоспарланған шараларды іске асырып келеді.

Әдіскер хуат С. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша педагогтер түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, балалардың қызығушылығын оятатын шығармашылық бағыттағы жұмыстар жүргізуде. Ата-аналар мен әріптестер тарапынан оң бағалар айтылды.

Тақырыптық тексерістер нәтижесі челленджер мен ккрмелер бойынша педагогтер арасында әдістемелік құжаттарды жүргізуде бірізділік сақталған, алайда кейбір топтарда құжаттарда толықтырулар қажет.

Балалардың сурет салу қабілеттері әртүрлі деңгейде екені байқалды. Кейбір балалар бейнелеу элементтерін жақсы меңгерген, енді біреулері көмек қажет ететіндігі анықталды. Сондықтан, қосымша қолдау жұмыстары жүргізілуі керек.

Христич М.В. «Танымдық ойындар» тақырыбындағы баяндамада мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау, қиял, есте сақтау қабілеттерін дамытуда ойындардың маңыздылығы дәлелденіп, нақты мысалдармен ұсыныстар берілді. Педагогтер баяндамадағы идеяларды өз тәжірибесінде қолдануға ниет білдірді.

Шешім:

1. Ашық іс-әрекеттер жалғассын.
2. Танымдық ойындарды жүйелі түрде қолдану ұсынылсын.
3. Әдістемелік көрмелер ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Педагогикалық кеңес хатшысы:



Демеуова Ж.

Хуат С.

Баяндама

Тақырыбы: «Танымдық ойындар – мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін дамытудың тиімді құралы»

Кіріспе:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті – ойын. Баланың ақыл-ойының, сөйлеу тілінің, қоршаған ортамен қарым-қатынасының, дүниетанымының қалыптасуы ойын арқылы жүзеге асады. Осы ретте танымдық ойындардың маңызы ерекше.

Негізгі бөлім:

1. Танымдық ойын дегеніміз не?

Танымдық ойын – бұл баланың танымдық әрекетін: зейінін, есін, логикалық ойлауын, қиялын, байқағыштығын дамытуға бағытталған ойын түрі. Бұл ойындарда бала бір нәрсені есте сақтап, салыстырып, талдап, қорытынды шығарады.

2. Танымдық ойындардың түрлері:

Зейінді дамытуға арналған ойындар: «Не өзгерді?», «Тапқыр бол», «Нені байқамадың?»

Сан және форма ұғымдарын бекіту: «Санайық», «Суреттегі фигураны тап»

Логикалық ойлауға арналған ойындар: «Артықты тап», «Себебі неде?», «Жұмбақтар әлемі»

Тіл дамытуға арналған ойындар: «Жұбын тап», «Қай сөз артық?», «Жалғасын тап»

3. Танымдық ойындардың тәрбиелік мәні:

Баланың қызығушылығын арттырады;

Ізденімпаздық пен тапқырлыққа баулиды;

Еркін ойлап, ойын дәл жеткізуге үйретеді;

Қоршаған орта туралы білімін кеңейтеді.

4. Педагогтің рөлі:

Тәрбиеші ойын барысында бағыттаушы, көмекші және бақылаушы қызметін атқарады. Ол ойын арқылы баланың жас ерекшелігін, қабілетін ескеріп, тапсырмаларды түрлендіріп қолданады.